



■ ҚАЛА МЕН САЛА

ГАЗДАНДЫРУҒА
КӨҢІЛ
ТОЛА МА?

4-БЕТТЕ



■ ДЕНСАУЛЫҚ

КӨКТЕМНЕН
КҮТЕР
ҮМІТ КӨП

5-БЕТТЕ



■ МӘДЕНИЕТ

КҮЙ
КҮМБІРЛЕГЕН
КЕШ

16-БЕТТЕ

№22

(4146)

Бейсенбі
25 ақпан
2021 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



iQALA 152 ҚЫЗМЕТ ТҮРІН ҰСЫНАДЫ

«Бір терезе» қағидаты бойынша қызмет алу үдерісін барынша жеңілдететін iQala орталығында жеке және заңды тұлғалар үшін 90 мыңнан астам қызмет көрсетілді. Бүгінде орталықта «Астана-АЭК» АҚ, «Астана-Теплотранзит» АҚ, «Астана су арнасы» МКК, «Clean city NC» ЖШС, «SPK Astana Development» ЖШС, «Астанаэнергосбыт» ЖШС, «Қазақтелеком» АҚ және т.б. ұйымдардың 152 қалалық қызмет түрі ұсынылады.

Орталық инстанциялар арасындағы жүру бағытын межелі бір нүктеге дейін азайтып, қызмет алу барысын едәуір ыңғайлы етуге үлес қосып отыр. Қала тұрғындарына құжаттарға мөр бастыру үшін көптеген мекемелерге жүгірудің

қажеті жоқ. Ол үшін iQala орталығының Қошқарбаев даңғылы, 29 мекенжайындағы фронт-кеңсесіне барса жеткілікті.

Елорда тұрғындары iQala қалалық қызмет көрсету орталығының жұмысына қатысты кез

келген сұрақ бойынша 109 (iKomek) Бірыңғай байланыс орталығына хабарласа алады. Сонымен қатар www.iqala.kz порталы арқылы қызметтерді онлайн режимінде алуға болады. Бұдан басқа, қалалық қызметтер орталығы «Астана

ЕРЦ» ЖШС-ның деректер базасымен интеграциялау есебінен Telegram-бот құрды. «iQalaz_bot» көмегімен жеке шот нөмірін енгізу арқылы БТҚ-ның соңғы түбіртегін бірден алуға болады.

АҚЫН ЖАМБЫЛ
ЖАБАЕВ ҒАСЫРЛЫҚ
ҒҰМЫРЫНДА ЖЫР
АЛЫБЫ ҒАНА ЕМЕС,
«XX ҒАСЫРДЫҢ ГОМЕРІ»
АТАНДЫ. ХАЛЫҚ
ПОЭЗИЯСЫ АРҚЫЛЫ
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН ӘЛЕМГЕ
ТАНЫТТЫ. ЖЫР ЖҮЛ-
ДЫЗЫНЫҢ ТУҒАНЫНА
БИЫЛ – 175 ЖЫЛ.

6-БЕТТЕ

ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ
ДАРАБОЗЫ

КЕДЕРГІ АЗАЙМАЙ, КӨШ КӨБЕЙМЕЙДІ

Биыл Қазақстан тәуелсіздік алғанына 30 жыл толды. Осы аралықта 1 миллион 71 мың қандасмыз атажұртқа оралып, еліміздегі қазақ халқының демографиялық өсіміне үлкен ықпал жасады. Дегенмен көші-қон мәселесінде «ит құды, қоян қашты» боп шешілмей жүрген мәселелер де жоқ емес.

8-9-БЕТТЕР

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 504.03 \$ USD/KZT 414.94 ₸ RUB/KZT 5.59 ¥ CNY/KZT 64.22

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Қанеш ЫСҚАҚҚЫЗЫ, елорда тұрғыны:

– Жоғары оқу орындары дәстүрлі форматқа қашан көшеді? Соны білгім келеді.

Бұл сауалға ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің төрағасы Гүлзат Көбенова Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте айтқан жауабын ұсынамыз:

– Дәстүрлі форматқа ауысу бойынша Денсаулық сақтау министрлігі өз тарапынан тиісті шешімді қабылдайды. Бұл мәселе эпидемиологиялық жағдайға байланысты. Егер тиісті рұқсат болса, онда жоғары оқу орындары дәстүрлі форматқа көшеді.



ақпан 25 КҮНТІЗБЕ

1971 жылы Жезқазған жез балқыту зауыты іске қосылды.

1999 жылы Тәуелсіз Қазақстандағы алғашқы халық санағы басталды.


1916 жылы әнші, ҚР халық әртісі Кәукен Кенжетәев дүниеге келді.

1951 жылы театр және кино әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Меруерт Өтекешева дүниеге келді.



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ БЕС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕСІ

Елімізде қоғамдық кеңестердің құрылғанына 5 жыл болды. Кеше елордадағы аталмыш ұйым мүшелерін Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен мен қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов мерейтоймен құттықтап, қала басшысының Алғыс хаттарын, мәслихат марапаттары мен естелік сыйлықтарды тапсырды. Алдымен кеңес төрағасы Сансызбай Есілов ұйымның осы бес жылда атқарған жұмыстарымен таныстырды.



– Қалалық қоғамдық кеңестің бес жыл ішінде қабылдаған шешімдерінің барлығы ашықтығымен, тиімділігімен ерекшеленді. Осы ұйым халықпен кері байланыс орнатып, қоғамның мемлекетке деген сенімін арттырды, азаматтық сектордың субъектілерін қалыптастырды. Қоғамдық кеңес осы жылдары қаламыздағы әлеуметтік мәселелерді, халықтың мұң-мұқтажын тікелей билікке жеткізіп, қоғам мен билік арасында көпір болды. Биыл – еліміз үшін ерекше жыл. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын қарсы алғалы жатырмыз. Осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерімізге қоғамдық кеңес те елеулі үлес қосты, – деді өз сөзінде Бақтияр Мәкен.

Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов кезінде қоғамдық кеңестерді құру туралы шешім өте дұрыс қабылданғанын айта келе, соның ішінде елорда болған соң Нұр-Сұлтан қаласы қоғамдық кеңесі мүшелерінде жауапкершілік жүгі екі есе ауыр екенін атап өтті.

– Жуырда «Қоғамдық кеңестер туралы» заңға өзгерістер енгізілді. Қоғамдық кеңестердің жұмыс тәртібі құқықтық негізде бекітілді. Ол 31 наурызға дейін өзінің күшіне енеді. VII шақырылымдағы қалалық мәслихат депутаттары қоғамдық кеңеспен тығыз жұмыс істеуге әрқашанда дайын. Оның үстіне қоғамдық кеңестің құрамында төрт депутаттымыз бар. Бұл кісілер сіздердің орталарыңыздағы біздің өкілдеріміз немесе біздің ортамыздағы сіздердің өкілдеріңіз деп айтуға болады. Бір терінің пұшпағын илеп, ортақ жұмыс жасап отырмыз.

Әрқашанда қоғамдық кеңеспен қоян-қолтық араласуға әзірміз, – деді Ерлан Каналимов.

Сондай-ақ кеше қоғамдық кеңес отырысында қаладағы бірқатар маңызды мәселелер талқыланды. Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Дулат Шоғанбай карантин уақытында мектепалды ұйымдарда мемлекеттік тапсырыс көлемі мен қаржыландыру мөлшері және орта білім беру орындарында психологиялық қызмет ережелерін таныстырды.

Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысының орынбасары Ержан Диханбаев коммуналдық ақылы тұрақтарды пайдалану ережелері жөнінде баяндады. Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Төлеген Құлышев есептеу құралдарды жоқ тұтынушыларға тауарлық газды тұтыну нормалары бекітілгенін айтты.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Сәуле Нұрғожина Жеміс күніне орай және Чернобыль атом электростансасындағы апат құрбандарын еске алу күніне байланысты Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен азаматтардың жекелеген санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсетілетінін жеткізді.

Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Тілеуғали Қышқашбаев қаланың кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау жобасымен, Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров 2021-2023 жылдарға арналған «Elorda Jastary» бағдарламасымен таныстырды.

ОН КҮНДЕ – 130 ҰСЫНЫС

Елорда тұрғындарының ұсыныстарын жинау үшін ашылған «Virge» сайтына 10 күн ішінде қалалықтардан 130 ұсыныс түсті. Тұрғындарды көбіне қоғамдық көліктерде жеңілдікпен жүру, қаладағы қоғамдық кеңестіктерді кеңейту мәселелері толғандырады. Бұл туралы елорда әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында жазды.

«Олардың кейбіреулеріне тоқталғым келеді. Мысалы, білім беру саласы бойынша студенттер қоғамдық көлікте төлей алатын бірыңғай студенттік карта жасауды ұсынды, оған студенттердің шәкіртақысы, университетке кіру байланыстырылады, сондай-ақ оны қала мекемелерінде жеңілдік талоны ретінде пайдалануға болады. Бұрын қызметі осыған ұқсас картаны біз мектептерімізде іске қосқанбыз. Сонымен қатар, Бейбітшілік және келісім сарайы ауданында шолу алаңын құру бойынша ұсыныстар келіп түсті. Онда биыл қоғамдық кеңестікті кеңейту және абаттандыру арқылы ауданды ауқымды көгалдандыру жұмыстарын жалғастыруды жоспарлап отырмыз» деді әкім.

Тұрғындар тарапынан жаяу жүргіншілер өткеліне де байланысты идеялар айтылған. Түнде бағдарлам жарығын күшейту жайы да ұсынылды, яғни олар: «күшті жарық жүргізушіге жаяу жүргіншілердің баруы туралы сигнал береді» деп келтірген. Әкім бұл жоба елорда үшін өте маңызды екеніне тоқталды. «Пилоттық жоба ретінде Қабанбай батыр даңғылы мен Агасу көшесінің қиылысында жаяу жүргіншілер өткелін іске қостық. Таңдалған орын қараңғыда үш жарықдиодты проектордың арқасында



ерекшеленеді. Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер жолдағы ақ және сары жаяу жүргіншілердің зебрасын кез келген ауа райында көре алады. Егер осы жоба пайдалы болса, жол трафигі елеулі басқа учаскелерге де құрамыз. Сондай-ақ сенімсіз тауар жеткізушілер мен қызмет ұсынушыларды іздейтін бірыңғай жүйе жасау бойынша ұсыныстар келіп түсті. Astra Bus қосымшасын 2GIS мобильді қосымшасымен интеграция, жылы аялдамалар базасында шағын супермаркеттер ашу және т.с.с. ұсыныстар бар» деген әкім өз сөзінде.

«Virge» сайтының жұмысы қала тұрғындарының қаланы дамыту жөніндегі ұсыныстарын бірыңғай базаға түсіру үшін іске қосылды және сол арқылы халық пен әкімдік елорданы бірге дамыта алады. Оның платформасы қарапайым: бірінші – идея ұсыну, екінші – іріктеу, үшінші – жобаны жүзеге асыру. «Қалада тұрғындарының ең жақсы ұсыныстарын жүзеге асырамыз. Елорданы «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары аясында дамытудамыз, қаланы шынымен жайлы ете аламыз» деп жазды Алтай Көлгінов.

ПАРАСАТ ПАРАҚОРЛЫҚТАН АЗАТ ЕТЕДІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әдеп» жобалық кеңсесі Нұр-Сұлтан қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен бірлесіп, «Отырар» кітапханасында «Әдеп және парасат» атты дөңгелек үстел өткізді.

Жиынға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының кеңесшісі Ж.Жылқышыева, Білім және ғылым министрлігінің Әдеп жөніндегі уәкілі К.Бекимова, Нұр-Сұлтан қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Департаменті басшысының бірінші орынбасары Б.Ниязов, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Парасат жолы» орталығының жетекшісі С.Түгел, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қ.Қамбаров,

академик Д.Қамзабекұлы, «Отырар» кітапханасының директоры Б.Оразалиев және онлайн форматта аймақтардың Әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдері мен студенттер қатысты.

«Бүгінгі кездесудің мақсаты – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына енгізілген өзгерістерді жариялау, жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қоғамда парасаттылық, адалдық, сенім құндылықтарын ба-

рынша насихаттау және сыбайлас жемқорлықпен күресуде тәжірибе алмасу. «Парасат жолы» қоғамға қозғау салатын үлкен күшке айналып отыр. Аталмыш орталық «Отырар» кітапханасынан да ашылса екен. Парасатты адам жемқорлыққа жоламайды. Кеселден арылмай, алға жылжи алмаймыз. Қазақстан бойынша 12500 кітапхана бар. Ұлттық академиялық кітапханадан бастау алған «Парасат жолы» орталығы еліміздегі барлық кітапханаларда ашылады» деді қоғам қайраткері С.Түгел.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Қалада «Dero Evolution Park» бұрынғы трамвай депосының орнында құрылыс жұмыстары жанданды. Бұл жерде креативті жастарға арналған қоғамдық парк ашылады. Тұжырымдамаға сәйкес, бұл нысанда арт шеберлік кластары, зертханалар, оқу залдары, шоурумдар, кино, дәрісхана залдары, көркемөнер студиясы, кітапхана, коворкинг және одан бөлек қажетті инфрақұрылым экстрим паркі, өнер паркі, воркаут, спорт алаңдары ашылады.

ШҚО

Аймақта су қоймаларындағы балық қорын сақтау үшін мұз бетін бұрғылау жұмыстары жүргізілуде. Балық аулау кәсіпорындары жыл сайын өңірдің су айдындарында мелиоративтік жұмыстар жүргізеді. Мұндағы мақсат – балық қорын сақтау және арттыру. Сондай-ақ өзендердегі балықтың қырылуын болдырмау. Судағы оттегі азайып кетпес үшін қыс кезінде мұз беті бұрғыланады.

ҚЫЗЫЛОРДА

Облыстық тілдерді оқыту орталығы қашықтан оқыту жүйесіне арналған kzordatil.kz интернет порталын жасақтады. Бүгінде портал тіл үйренушінің уақыты мен мүмкіндігіне сәйкес қолжетімді әрі тиімді ресурс ретінде қолданылуда. Үш тілдегі деңгейлік оқыту курстарының барлық сабақтары порталға орналастырылған. Өңірде ағылшын тілін үйренуге сұраныс жоғары болса, аудандық жерлерде орыс тілін меңгергісі келетіндер көп.

ГАЗДАНДЫРУ ЖОБАСЫНА ЖҰРТТЫҢ КӨҢІЛІ ТОЛА МА?

Елорданы газдандыру жобасы басталғалы күні бүгінге дейін 3 мыңдай үйге газ тартылған. Жыл соңына дейін тағы 12 мың тұрғын-жай осы жүйеге қосылуы тиіс. Ал алдағы екі жылда көгілдір отынмен жабдықталған баспананың санын 22 мыңға жеткізу жоспарланған. 23 ақпан күні бір топ мәслихат депутаттары, сала мамандары газға қосылған нысандарды аралап, үй иелерімен кездесіп, атқарылған жұмыстармен жіті танысып қайтты.



Дәулет АСАУОВ

ГАЗДАНДЫРУ ЖОБАСЫ ҚАЛАЙ ЖҰРІП ЖАТЫР?

Бас қаланы газдандыру ісі үш кезеңмен жүзеге асырылады. Ағымдағы жылу беру маусымында «Теміржол», «Көктал-2» және «Агроқалашық» алабының тұрғындарының бір бөлігі газға көшірілді. Қазіргі кезде «Көктал-1», «Промышленный», «Оңтүстік-Шығыс» алаптарында құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Естеріңізге сала кетейік, әкімдік газ торабын тек үйлерге дейін жеткізіп береді, ал оны одан әрі ішкі жүйеге қосумен жекеменшік ұйымдар айналысады. Қалада бұл салада жұмыс істейтін 60-қа тарта компания бар. Ал олардың қайсына таңдау жасайды, ол тұрғындардың өз еркінде. Үйшілік желі тартылған соң, тұрғындар «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-қа өтініш жазып, баспаналарын газға қостыра алады. Аталған ұйым газбен жабдықтау желісінің қауіпсіздігіне және оны тұтынушыға жеткізу беру

жұмыстарына жауапты.

– Тұрғын үйлермен қатар жылу-электр орталықтарын да көгілдір отынға көшіру жүргізіліп жатыр. Былтыр ЖЭО-1-дің үш қазандығы және ЖЭО-2-нің 1 қазандығы газға ауыстырылған. Үстіміздегі жылы екі ЖЭО-ның қалған 12 қазандығын түгелдей ауыстыру жоспарланған. Оған қажетті жабдықтар толық сатып алынды. Бұл жабдықтар газбен де, көмірмен де жұмыс істей береді. Биыл қыста оларды сынақтан өткіздік, ақау болмады, – деді Нұр-Сұлтан қаласының отын-энергетикалық ресурстар бөлімінің басшысы Мақсат Есмағұлов.

Айта кетейік, ЖЭО қала экологиясына аса үлкен нұқсан келтіруде. Олар жылына жиынтығы 55,5 мың тонна зиянды қалдықтар шығарады, бұл қала ауасын ластаушы заттардың 40% құрайды.

ДЕПУТАТТАРДЫҢ ПІКІРІ ҚАНДАЙ?

Астананың шет аймақтарында 280 мыңдай халық бар. Бұл – елор-

даның әрбір бесінші тұрғыны. «Шет аймақсыз қала» бағдарламасы бойынша осы алаптардың адамдарына да қаланың орталығында өмір сүріп жатқандай барлық жағдай жасау, әлеуметтік қызметтердің толықтай қолжетімді болуын қамтамасыз ету көзделген. Тұрғын алаптарды газға қосу жобасы да осы бағдарлама аясында жүзеге асырылуда.

– Тұрғын үйлерге газ беру былтыр желтоқсан айының соңын ала басталғандықтан, адамдардың көпшілігі қысқа ерте бастан қамданып, көмірлерін алып қойды. Жұрт биылғы маусымда соларын жағып бітіруді көздесе керек, сол себепті болар, олардың газ жүйесіне қосылуы сылбыр. Дегенмен, газбен жабдықталған адамдардың пікірі жақсы, қауіпсіздік тұрғысынан да, жұмыс сапасына да көңілдері толатындықтарын білдіруде. Айта кетерлігі, әлеуметтік осал топ өкілдерінің үйлерін газға қостыру үшін әкімдік тарапынан көмек ретінде 263 мың теңге қарастырылған. Біз ең бірінші осы топтарды газбен

жабдықтауға назар аударатын боламыз, сонда тұтынушылардың саны едәуір көбейеді. Газдандыру – біздің шаһар үшін жаңа сала әрі өте ауқымды шаруа, ол бір ғана басқарманың күшімен іске аспайды. Мұны бүкіл қала болып, аудан әкімдіктері, депутаттар бәріміз жұмылып жұмыс істеуіміз керек, – деді қалалық мәслихаттың хатшысы Ерлан Каналимов.

Бүгінде қала бойынша әлеуметтік осал топ өкілдерінің санына жататын адамдардың саны 120 мыңнан асады. Оның ішіне мүгедектер де, көпбалалылар да, зейнеткерлер де, т.б. түгел кіреді. Бірақ олардың бәрі бірдей тұрғын алаптарында тұрмайды ғой. Алдағы аптада өтетін мәслихат отырысында депутаттар шеткі аймақтарда тұратын осал топ өкілдерінің нақты санын анықтауы тиіс. Бұл жиынға әкімдіктің, құзырлы мекемелердің өкілдері, мердігер компаниялардың мамандары шақырылатын болады.

Қалалық мәслихат депутаты Батыр Котырев ойын былай түйіндеді: – Біз бүгін бірқатар нысандарды аралап, газдандыру бағдарламасы қалай жүзеге асырылып жатқанын көрдік. ЖЭО жұмысымен таныстық. Газды автоматты түрде реттейтін станциялардың бірінде болдық. Үйлері көгілдір отын жүйесімен жабдықталған тұрғындармен кездестік. Мердігер ұйымдар өз жұмыстарын сапалы атқарғанына көз жеткіздік, тұрғындардың да оған көңілі толады. Газ желісі заманауи жабдықтармен, заманауи технологиямен жабдықталған және ең бастысы, жоғарғы деңгейде жергіліктендірілген. Жоба жеткілікті дәрежеде автоматтандырылған, қашықтықтан диспетчерлендірілген, тіпті нысандар датчиктер арқылы бақыланады. Мәселен, қазандықтан газ шығып жатса немесе иісті газ жиналатын болса, онда клапан жабылып қалады да, газ жіберілмейді. Бұл газ жарылу апатының алдын алады. Бірақ кейбір жұмыс сапасына, бағасына сын-ескертпелеріміз де бар. Баға реттелмеген, әркім өздерінің қалауынша белгілейді. Сондықтан газға қосу бағасын бір жүйеге түсіруге күш салуымыз керек, нарықта басымдылық жағдайға жол бермеуге тиіспіз. Сондай-ақ осы сала мамандарының жетіспеушілігі айқын сезіледі. Осыған орай қаладағы оқу орындарына газдандыру ісі бойынша мамандарды даярлауға тапсырыс беру қажет, – деп ол бірталай проблеманың бетін ашты.

Мәслихат депутаты Алтыншаш Табулдина үйлерге газдың келуі үлкен қуаныш екенін, оның адамның тұрмысын көп жеңілдететінін

айтты. Дегенмен, атқарушы билік газды орнатумен бірге, дер кезінде газ қондырғыларымен қауіпсіз жұмыс істеу үшін тұрғындардың сауаттылығын арттыруға да көп мән беру керектігін, адамдарды ақпараттандыру қажеттігін жеткізді. Сондай-ақ мердігер компаниялар үйлерді газға қосқанда тұтынушыға атқарған жұмыстары үшін түбіртек тапсыруын міндетті екенін ескертті.

ТҰРҒЫНДАР НЕ ДЕЙДІ?

БІнталы топ газдандыру жобасы жүзеге асырылып жатқан фронт-кеңсеге, газ тарату пунктіне, ЖЭО-1 кәсіпорнына, көгілдір отынға қосылған үйлерге барып, жағдайларымен танысты.

– Бұрнағы жылдары үйді қыстың бес айында жылыту үшін 100 мың теңгеге көмір жағатынбыз, бүгін де газға айына 20 мың теңге төлеп отырмыз. Бірақ көмірге қоса, газ плита үшін баллон сатып аламыз. Енді таңертең ерте тұрып пеш жағу, күл шығару машақатынан құтылдық. Пештен иісті газ шығады деп қорықпаймыз, – деп ризашылығын білдірді «Көктал-2» алабы Наурыз көшесі, 32 үй тұрғыны Сайран Нақыпова.

Бірақ, оның құзырлы органдарға айтатын арызы да бар екен. Газ жүйесіне жалғаушы әр компанияның бағасы әртүрлі. Тура Сайранның үйінде 120 шаршы метр үйді газға қосу үшін 500, 600, 700 мың теңге алуы мүмкін дейді.

– Мердігер ұйымдар тұтынушылармен ең басында 250 мың теңге деп шарт жасасып алады да, кейін газ тартатын мұрша істедік, кран қойдық, дабылқақыш орнаттық деп т.б. бәріне жеке-жеке ақша талап етеді. Оның бәрі сол 250 мың теңге төлемнің ішіне кіруі керек емес пе еді?! Тіпті 2 қабатты үйлерді газға қосу үшін 1,5-2 млн теңгеге дейін алады. Әркім өздерінің ойына келген бағасын қояды, – деп шағымданды.

«Теміржол» алабының Тоқтар Әубәкіров көшесі, 41/2 үй тұрғыны Федор Симашков мердігер мекемеге тағатын мін таппады.

– Мамандары келді де, үйшілік жүйені лезде орнатып берді. Одан кейін мен «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-қа өтініш жазып, үйімді ешқандай қиындықсыз газға қостырып алдым. Қазір бәрі ойдағыдай, құрылғылар ақаусыз жұмыс істеп тұр, – деп ағынан жарылды. Тек, әкімдік тарапынан зейнеткерлердің үйлерін газға қостыру үшін 263 мың теңге көмек берілетінін естімепті, бізге ондай ақпарат жеткен жоқ деп аңтарылды. Енді құжаттарымды реттеп, әкімдік беретін көмек ақшамды алуға барамын деп білегін сыбанып отыр.



Коронавирустың таралу қарқынының төмендеуіне байланысты биыл 1 наурыздан бастап Қазақстанда карантин талаптары жеңілдейтіні жөнінде алдымен Атамекен ҰҚП төрағасының орынбасары Юлия Якупова өзінің Facebook парақшасында жариялады. Бұл туралы ведомствоаралық комиссияның отырысында айтылған екен. Артынша «Елдегі қазіргі эпидемиологиялық жағдай» тақырыбында өткен брифингте денсаулық сақтау вице-министрі Ерлан Қиясов жақын уақытта карантин жеңілдетілетіні жайында жаңа қаулы күтіңіздер деп үміттенді.

Сонымен Ю.Якупова бөліскен ақпаратқа сүйенсек, көктемнен бастап жанкүйерлер қатысатын спорт жарыстарын, 50 адамға арналған еске алу астарын залдың 30% ғана толтыра отырып өткізуге, соған қоса бильярд қызметіне, ғимараттардағы балаларға арналған ойын-сауық клубтары және цирктер жұмысына рұқсат етіледі. Сондай-ақ базарлар мен сауда, ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері жексенбі күні де жұмыс істей алады. «Ашық» қосымшасы арқылы боулинг, компьютер клубтарының қызметі, фитнес-орталықтар, бассейндердің жұмыс істеуіне рұқсат беріледі. «Жалпы алғанда санитарлық талаптарды сақтай отырып, бизнестің жабық нысандарының да жұмысын бастауына рұқсат етуге болады деген сөз бар» деп жазды палата өкілі.

65+ ЕГУГЕ РҰҚСАТ

Қазақстанда жаппай егу басталғанда вакцина қарсы көрсетілімдері болмаса тек 18-65 жас аралығындағы ел азаматтарына салынады делінген. Ал кешегі брифингте енді 65 жастан асқан адамдарды вакцинациялауға рұқсат беру туралы шешім қабылданғаны айтылды. Бұл ретте вакцинациялауға қатысты өндірушінің ресми ақпаратының негізінде, медициналық қарсы көрсетілімдерін, яғни созылмалы аурулардың, аллергиялық реакциялардың және өзге де қарсы көрсетілімдердің бар-жоқтығы ескеріледі. Осыған орай ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің тиісті қаулысына қол қойылғанын денсаулық сақтау вице-министрі Е.Қиясов хабарлады. Ол сондай-ақ коронавирусы инфекциясына қарсы вакцинациялау жалғасып жатқанын және қазіргі кезде бірінші компонентпен 20 157 адам егілгенін жеткізді. 22 ақпаннан бастап екінші компонентпен вакцинациялау басталып, 2 137 адамға екпе жасалды.

КӨКТЕМНЕН КҮТЕР ҮМІТ КӨП



Райхан РАХМЕТОВА

Кеше ведомствоаралық комиссия отырысы мен ДСМ басшыларының брифингінде наурызда карантин шектеулері жеңілдетілетіні туралы жағымды жаңалық айтылды. Елде 3 өңірде әлі де аурудың анықталу дерегі жоғары болғанмен, матрицада таралу көрсеткішін білдіретін R-репродуктивтілік көлемінің 1-ден төмендігі ахуалдың тұрақтылығын көрсетеді екен. Соңғы екі аптада КВИ-мен сырқаттанушылық деңгейі 1,2 есеге төмендеген. Ал бұл тұрақтылықтың ұзағырақ сақталғаны көктемнен көп өзгеріс күттіреді.

САНСӨЙЛЕМ

ЕЛІМІЗДЕ КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНА ҚАРСЫ

20 157

АДАМ ЕГІЛГЕН

КЕЛЕСІ КЕЗЕКТЕ – ПЕДАГОГТАР

Елімізде биыл 23 ақпаннан Қарағанды фармацевтикалық кешенінің базасында өндірілген 93 мың доза мөлшеріндегі вакцинаның екінші партиясын жеткізу басталды. Осы вакцинамен медицина қызметкерлерін егу аяқталған соң, педагогтарды вакцинациялауды

бастау жоспарланып отыр. «Вакцинациялау барлық өңірлерде жүргізіліп жатыр. 786 егу пункті ашылды, олардың 170-і қазіргі уақытта егу жұмыстарын жүргізіп отыр. Барлығы салқындату тізбегін қамтамасыз ету үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. 9 мыңнан астам медицина қызметкері оқытылды» деді вице-министр Е.Қиясов.

ЖЕҢІЛ ТҮРДЕ АУЫРҒАНДАРДА ҰЗАҚ САҚТАЛАДЫ

Әлем ғалымдары коронавирусы дертімен жеңіл түрде ауырғандардың бойында инфекцияның кей белгілері ұзақ уақыт сақталып қалатынын анықтады. Вашингтон университеті ғалымдары жүргізген зерттеу нәтижесінде сондай науқастардың үштен бір бөлігі жазылып шыққан күннің өзінде вирустың



«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында атап өткендей, бүгінде алдымызда экономикалық әлеуетті, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру бойынша кезек күттірмейтін міндеттер тұр. Оны жүзеге асыру үшін заман талабына сәйкес кадр, денсаулық сақтау саласында жоғары білікті маман қажет»

ағаға тигізген кері әсерінен зардап шегуі мүмкін екендігі белгілі болды. Мамандар вирусты жұқтырып, емделіп шыққан 200 адамды тексерген. Сонда олардың 14%-і дерттен сауыққан соң да шаршайтынын, тағы бір тобы иіс пен тамақтың дәмін сезбейтіндерін айтқан. Ғалымдар бұл зерттеулерін одан әрі жалғастырмақ.

ТЕГІН ҚОБДИША – ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Былтыр ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы табысы аз отбасыларды коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында дәрі-дәрмектермен және алғашқы медициналық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Сол тапсырмаға сай елімізде коронавирустық инфекцияның таралу деңгейін төмендету үшін

биыл маусым айына дейін 145 мың медициналық дәрі қобдишасы табысы аз, АӘК алатын отбасыларға тегін жеткізілетін болды. Оларды сатып алуға қаражат Азия даму банкінің гранты есебінен бөлінеді. Жиынтықтардың құрамын Денсаулық сақтау министрлігі айқындады. Қобдишада термометрлер, маскалар, дезинфекциялық құралдар және стероидты емес қабынуға қарсы препараттар болады. Дәрі қобдишаларын қалалар мен аудандардағы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері мен ауылдық әкімдіктер жеткізеді.

ЧЕХИЯДА БІРДЕН 2 МАСКА ТАҒАСЫЗ

Чехиялықтар қоғамдық орындарда бірден екі медициналық маска немесе арнайы респиратор тағуға міндеттелді. Бұл туралы жергілікті Expat.cz порталы жазды. Билік бұл шешімді елдегі коронавирусы жағдайының нашарлауына және ұлыбританиялық штамның таралуына байланысты қабылдаған. «Соңғы бірнеше күнде Чехияда COVID-19 жағдайы одан әрі нашарлады. Сондықтан адамдар көп шоғырланатын қоғамдық орындарда тұрғындар FFP2 типті респираторды немесе бірден екі хирургиялық масканы тағуы керек. Мага бетперделер енді қорғаныс құралы саналмайды» деді Чехияның Денсаулық сақтау министрі Ян Блатны. Елдегі коронавирусы жағдайының тұрақсыздығына байланысты үкімет әзірге бөлшек сауда дүкендерінің жұмысын қайта бастауға рұқсат бермеді. Әлеуметтік қашықтық қатаң сақталатын кей дүкендер ғана ашық.

ӘЛЕМДЕ ІНДЕТ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

ДДҰ коронавирусы инфекциясының әлемде таралу жағдайын бағалай келе дертті жұқтырудың жаңа деректері мен індет құрбандары да азайып келе жатқанын мәлімдеді. Осымен алтыншы апта қатарынан жаңадан тіркелген науқастар саны төмендеп келеді. Мәселен, өткен аптада ауру жұқтырған жаңа 2,4 млн адам анықталды, бұл алдыңғы аптадағы көрсеткіштен 11 пайызға кем. Сол сияқты аурудан ажал құшатындар да соңғы үш апта қатарынан кеміп жатыр. Өткен аптада 66 мың адам көз жұмған. Бұл да соның алдындағы аптада қайтыс болғандар санынан 20 пайызға аз. Бірақ бұрынғы коронавирустың күші кеміп қуантқанмен, жаңа штамның таралуы күшейе түсіпті. Мәліметтерге сәйкес «британдық» штамм әлемнің 101 елінде шыққан. Бұл алдыңғы апталарға қарағанда 7 есе көп.

ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ ДАРАБОЗЫ

Жамбыл Жабаев 1846 жылы, «Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын, Жамбыл деп қойылыпты атым сонан» деп өзі жырлағандай, қазіргі Жамбыл облысы Шу өзені бойындағы Жамбыл тауының етегінде ақпанның боранды күнінде дүниеге келген. Қараша халық бірде аш, бірде тоқ болып өлдім-талдыммен күнелтіп жүрген қиын-қыстау кезеңде туған ақын ел өмірінің жанды картинасын өлеңмен өрді. Ғасырлық ғұмырында жыр алыбы ғана емес, «XX ғасырдың Гомері» атанды. Халық поэзиясы арқылы қазақ халқын әлемге танытты. Жыл жұлдызының туғанына биыл – 175 жыл.

Наима НУРАЛЫҚЫЗЫ


ДОМБЫРАМЕН СЫРЛАСТЫ

Жамбыл 8 жасқа келгенде, әкесі ауыл молдасынан білім алсын деп оны оқуға береді. Бірақ болашақ ақынға молданың ескіше оқуы қонбайды. Сол тұстағы күйін ақын «Шағым», «Әкеме» атты өлеңдеріне арқау етті. Молданың ескіше оқуына қанағаттанбаған ақын: «Бала келсе сабаққа, Жем аңдыған дорбадан. Ақ сәлдесі басында, Боз інгендей боздаған» деп, білім беруден гөрі мал табуы көздеген молдаға деген наразылығын жасыра алмады. Бұл қазақ арасына жаңаша оқу ене қоймаған, ескіше оқудың кең өріс алып тұрған шағы еді. Осыдан кейін әкесіне молданың оқуы қонбайтындығын, түсіне өлең кіргенін айтып, қолына домбыра алып біржола ақындық жолға түседі. Жамбыл Шашыраштының Екей деген руынан, бұл елде ақындардың көп болғанын «Екейде елу бақсы, сексен ақын»

сияқты батырларды жырлаған, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған.

Жиырма жасқа келген шағында Жамбыл Жабаев Жаныспен айтысып, жеңіп шығады. Жиырма жастан асқан соң ауыл айналасынан ұзап шығып, ақындық өнерінің көкжиегін кеңейте береді. Жыр айтып, саятшылық та құрады. Жамбылдың жастық дәуренінің бір сырлы оқиғасы оның Сара қызбен танысып, ән-жырымен табысуы еді. Ақын Сарамен 1875 жылдың күзіне қарай Қарқара жайлауында кездеседі. Айлы түнде алтыбақан басында Сара қыз салт жолымен ауылдың алты ауызын айтады. Жетісудың байырғы әуенімен сызылып, тамылжытып ән салған Сара Жамбылдың жүрегіне шок салып, ерекше күйге түсіреді. Екі өнерпаз әнмен табысып, жүрекпен ұғысады. Өмірлік жар болуға уәде де байласады. Бірақ қыздың әкесі қарсы болып, екеуінің кездесуіне тыйым салады. Қызын атастырған жеріне ұзатады. Шыдай ал-

жерлерден айырылған қазақ бұл тұста елден үдер көшіп, Қытайға жер ауып жатты. Қазақстанның түкпір-түкпірінде патша жарлығына қарсы бой көтерілістер орын алды. Осылардың бәріне куә болған ақын ел өміріндегі ірі-ірі тарихи оқиғаларды шығармаларына арқау етті. Аталған өлеңдері үшін біраз күн ақ патшаның тар қапасында тұтқын да болды. Жамбылдың Құлманбет, Досмағанбет, Сарыбас, Майкөт, Бактыбай, Сары, Бөлтірік, Жүнісбай, Айкүміс, Бөлектің қызы, Шашубаймен айтыстары – суырыпсалмалық өнерінің биікке шарықтағандығын айғағы. Осылардың ішінде Айкүміспен айтысы қыз бен жігіт айтысының жақсы бір көрінісі болса, Құлманбетпен айтысы – қазақ әдебиетіндегі айтыстың жақсы бір үлгісі. Құлманбет ақын Албанның би, болыстарының байлығымен, дәулетімен мақтанғанда, Жамбыл «Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт, Ел бірлігін сақтаған татулықты айт!» деп жеңіп кетеді.



деген жолдарынан көруге болады. Жамбыл XIX ғасырдағы суырыпсалмалық «импровизаторлық» өнердің классигі Сүйінбай Аронұлынан бата алады. Сондықтан да өлеңдерінде «Менің пірім – Сүйінбай, Сөз сөйлемен сиынбай» деп ұстазының алдына түспейтіндігін үнемі айтып отырады. Осылайша жастайынан өлең-жырға жақын өскен ол он бес жасынан-ақ «жас ақын», «жап-жақсы ақын», «Жамбыл ақын» болып елге таныла бастады.

Жамбыл ақындық айтысқа 17-18 жасында араласып, көптеген өлең-жырларын, «Көрұғлы», «Өтеген» сияқты дастандарын да сол тұстарда жырлай бастаған. Еңбекші бұқараны, оның арасынан шығып, қорғаны болған Сұраншы, Саурық, Сыпатай

май Жамбыл Сараның келін боп түскен жеріне де барады. Жөнін тауып кездеседі, Сара сонда көзінің жасын зарына қоса төгіп отырып, өмір бойы арманда, шерменде болып мұңлықта өтетінін айтады. Мұны сезген күйеуі асыл қыздың қадіріне жетпейді, оны жәбірлеп, ұрып-соғады. Ақырында осыншама қасірет пен қайғыны көтере алмай, ару Сара құсадан қайтыс болады.

ХАЛЫҚТЫҢ СӨЗІН СӨЙЛЕДІ

1916 жылы қара жұмысқа адам алу туралы патша жарлығына қарсы ұлт-азаттық көтеріліс болған тұста ақын «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық», «Толғау» атты өлең, толғауларын жазды. Жайылым

Жамбыл ақындық айтысқа 17-18 жасында араласып, көптеген өлең-жырларын, «Көрұғлы», «Өтеген» сияқты дастандарын да сол тұстарда жырлай бастаған. Еңбекші бұқараны, оның арасынан шығып, қорғаны болған Сұраншы, Саурық, Сыпатай сияқты батырларды жырлаған, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған

бұзған қаһарман» сынды әрбір өлеңін жауға оқитп жаудырды. Жамбылдың тіпті орыс тіліне аударылған жолдауы Ленинградта радио арқылы таратылып, онда плакаттар түрінде жарияланды. Жамбылдың жолдауы үйлердің қабырғаларына және бүкіл қала дүкендерінің терезелеріне ілінді.

КӨШЕСІ МЕН ЕСКЕРТКІШІ

Жамбыл шығармаларының орыс тіліндегі аудармалары шетелде де танымал болды. Оның еңбектері Қытайда, Чехословакияда, Англияда және басқа елдерде жарық көрді. Осылайша қазақ жырауы әлемдегі барлық ұлттың сүйікті ақыны болды.

«МАНАСТЫ» – 17 КҮН, «КӨРҰҒЛЫНЫ» – 40 КҮН

Халық әдебиетінің үздік үлгілерін, қазақ эпосының қымбат қазыналарын, әсіресе «Манасты» – он жеті күн, «Көрұғлыны» қырық күн жырлап, ақын-айтыскер, әнші-өнерпаздардың жыр мұраларын жатқа айтып, сол арқылы өзінің бойындағы табиғи талантың, даналық пен даралық қасиеттерін импровизация өнерімен ұштап, жыр-жұлдызына айналды. Ж.Жабаевтың дастан-толғаулары тарих пен таным, тұлға мен тағдыр, кеше-бүгін байланысын табиғи дамытып, сол арқылы өмір-уақыт шындықтарын шеберлік пен шешендік тұрғысынан терең толғайды. Жамбыл жырларының ішінде оның эпикалық үлгіде жазылған «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» атты дастандарының орны ерекше.

1941 жылдың басында «Кәрілік» атты өлеңінде «Босатып буынымның шегелерін, Сыпырып тула бойдан күшімді алды» деп кәрілікке мойын бере бастаған ақын 15 республикадан құралған мызғымас Кеңес Одағына фашистік Германия тұтқиылдан шабуыл жасағанда, қаламын қолға алып, қайтадан қайраттана, жігерлене түсті. Бұл тұста Жамбыл ақын жауға қаламмен қарсы шығып, «Ата жаумен айқастық», «Өлім мен өмір белдесті», «Ленинградтық өренім!», «Москваға», «Алынбас қамал», «Воронеж батырларына», «Ленин өреніне», «Қамал

Ақын «Мұнша жасқа келгенде, Не көріп, не білгеннен. Бір ауыз сөз айтылмай, Қалса – үлкен мін ақынға» дей отырып, сексеннен асып, тоқсанға таяған шағында өмір жайлы толғауларын жазды. Оның «Замана ағым», «Туған елім», «Менің өмірім» атты толғауларының қазақ әдебиетіндегі орны айрықшы. Өлең-жырларымен көптеген елге танылып, артына баға жетпес асыл мұра қалдырып кеткен жыл алыбы – Жамбыл атамыз 1945 жылы 22 маусымда, 100 жасқа толуына бірнеше ай ғана қалғанда дүниеден озды. Жүз жасаған ақынның өмір сүрген уақытында қазақ халқының басынан неше алуан ірі-ірі тарихи оқиғалар өтті. Ақын қазақтың ғасырлық тарихын көркем шындыққа айналдырды.

Бүгінде бас қалада «Астаналық» базар маңындағы 3 қабатты ғасырлық ғимарат – Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы бар. XX ғасырдың басында, яғни 1907 жылы қазақ-татар медресесі болып ашылған білім ордасына биыл 114 жыл толды. Білім ордасы 1940 жылы ақын есімін иеленген. Мұнда қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі және математика пәндері тереңдетіліп оқытылады. Мектептің оқу-жоспарына абайтану, жамбылтану, өлкетану, астанатану сияқты авторлық бағдарламалар енгізілген. 1997 жылы мектепке гимназия мәртебесі берілді. Бүгінге дейін білім ордасынан мыңдаған түлек білім алып, ел игілігі үшін еңбектенуде. Мектеп қабырғасынан аты әлемге танылған талай саңлақтар түлеп ұшты. Сонымен қатар елордада жыр алыбының атына «Железнодорожный» тұрғын алабындағы көше берілген. Қарағанды-Нұр-Сұлтан трассасынан басталып, Ақмешіт, Иманак, Екібастұз, Қергетас көшелерімен қиылысады. Ұзындығы – 3973 м. Ал ескерткіші қаладағы Жұмабек Тәшенев пен Амман көшелерінің қиылысқан жерінде, Ақбұлақ өзенінің бойында орналасқан. Бұл мүсінді 2008 жылы елорданың 10 жылдық мерейтойына Алматы облысы сыйға тартқан. Биіктігі 12 метрлік ескерткіштің мүсіншісі – Нұрлан Далбай, сәулетшісі – Қазбек Жарылғапов. Жалпы ескерткіштер археологиялық, тарихи, монументалды өнер туындылары болып бөлінеді. Ұлы ақынымыз Жамбыл Жабаевқа қойылған мүсін монументалды ескерткіш түріне жатады. Атап өтсек, мүсін авторлары жыр алыбының ақ тілек айтып тұрған бейнесін суреттеген. Монумент қоладан құйылған, ескерткіш айналасына гранит тас төселген.

ЖАС КЕЛСЕ – ІСКЕ

Елестетіп көріңізші, анаңыз – кітапханашы, әкеңіз – имам. Ал сіз елордамыздағы Назарбаев университетіне грант жеңіп аласыз. Жаңа қала, жақсы мүмкіндік, жарқын болашақ. Осы сәтте сізге Семей қаласындағы «Білім-инновация» лицейіне тәрбиеші керек деген хабарлама келеді. Үлкен арман мен мүмкіндікті тастап, Семей қаласына тәрбиеші болып барар ма едіңіз? Дәл осы таңдау біздің бүгінгі кейіпкеріміз Ержан Жұмаділовтің тағдыр жолында кездесті. Біліктілігі мен еңбекқорлығы, қарапайымдылығы мен адалдығы бір бойында ұштасқан жас екінші жолды таңдады.



«Менің негізім де, әу баста алған білімім де кішкентай ғана ауылымдағы мектептен басталды. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде математикаға деген қызығушылығым ерекше еді. Бірде еркін күрестен жарысқа қатысып, үйге жүздемен оралғанда анам қолым бір сілтеп: «Ертең қалаға барамыз. Сен бала бұлай жүре берсең, білімге деген отыңды өшірерсің» деді. Осылайша анам мені Талдықорған қаласындағы қазақ-түрік лицейіне жетектеп апарып кіргізді. Кейін мектепті алтын белгімен бітірдім» деп есіне алды балалық шағын.

Еліміздегі ер балаларға арналған бұрынғы қазақ-түрік, қазіргі білім-инновация лицейінде еңбек ететін ұс-

таздар арасында ер мұғалімдердің үлес салмағы басым. Шамамен 70-75 пайызды құрайды. Жалпы, ер мұғалімдердің білім мен тәрбие беруде маңызы зор. Лицей ер мұғалімдердің аздығы мәселесін шешу бойынша белгілі қадамдар жасап, жұмысқа қабылдарда мұғалімдердің арасынан ер-азаматтарға басымдық береді. Мәселен, жоғары жетістіктерге жеткен өз тулектерін мұғалім болуға баулиды. Ержан Есетұлының педагогикаға деген қызығушылығы мектеп қабырғасында жүрген кезде-ақ басталыпты. «Біз ағайларымыздан үлгі алып өстік. Мұғалімдеріміз кез келген мәселемізді шешуге, бос уақытты бізбен бірге өткізуге тырысатын. Сабақтан тыс уақытта тәрбиешілерімізбен бірге кино көріп, футбол ойнап әртүрлі тақырыптарда әңгіме айтатынбыз. Мен ұстаздарыма қызыға қарап, сол кісілер сияқты білімді, үлгілі азамат болуды армандадым. 10 сыныпқа келгенде мамандық таңдау жайлы көп ойланып, мұғалім боламын деп шештім. Бұл таңдауымды ата-анам да қуана қолдады. Мұғалім болу арқылы қаншама тағдырды өзгертетінімді, қаншама жас ұрпаққа бағыт-бағдар көрсететінімді түсіндім» деді Ержан Жұмаділов.

Мұғалімнің бала тәрбиелеудегі ұстанымы да ерекше. Ол алдындағы оқушысын күшпен тәрбиелеу мүмкін емес деп санайды. Ержан Есетұлының айтуынша кез келген адамды тәрбиелеуде ең бірінші өзін үлгі болуы керек. Ұстазы жақсы үлгі көрсетіп жүрсе, шәкірттері де оның ізін басады. Оқушылардың өтірік айтпағанын,

еңбекқор болғанын қаласақ, сол шыншылдық пен еңбексүйгіштікті үлкендер өздерінен бастауы керек. Құр сөз құлақ арқылы естіліп, тез ұмыт болады. Ал жүрекке жететін ақпаратты көз арқылы аламыз.

Кейіпкеріміз Назарбаев университетін таңдамаса да, көптеген жастың сол оқу орнына түсуіне жол ашты. «Мұғалім болып жұмыс істеген кезеңде мен халықаралық олимпиадалардың 11 жүлдегерін, республикалық олимпиадалардың 47 жүлдегерін, облыстық олимпиадалардың 38 жүлдегерін дайындадым. Сонымен қатар, өзім де 8 Халықаралық, 17 Республикалық, 16 облыстық олимпиадалар мен байқауларда жеңімпаз атандым. Физика пәні бойынша ҰБТ-ға дайындалуға арналған «Шың кітап» оқу құралының, бірнеше ғылыми мақаланың, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Methods of mathematical physics» оқулығының авторымын (Алматы, 2020). Жақында докторлық диссертация қорғауға дайындалып жүрмін» деді мұғалім.

Ержан Жұмаділовпен сұхбаттасқанда сөздің емес, істің адамы екенін бірден байқайсыз. Жас та болса білімі мен адамгершілігі мол, еңбекқор ұстазға шәкірттері де дән риза. «Мұғалімдіктің қызығы мен қиыншылығы қатар жүреді. Осы жолдағы бес жыл ішінде қолымнан келгенше оқушыларға тәрбие мен білім беруге тырыстым. Әрбір шәкіртімің өмірде өз орнын тауып, Абай атамыз айтқандай, кірпіш болып қалануына бар күшімді салып келемін. Студент болып жүріп мектеп өміріне етене араласқаннан кейін маған мұғалімдік

жол қиын көрінбеді. Балаларға тек білім беріп қана қоймай, өз деңгейімді де жан-жақты арттырып отырамын. Жыл сайын оқушыларымыздың барлығы дерлік мемлекеттік грант иегері атанып келеді. Сынып жетекшілік жұмыста үлкен жауапкершілікті талап етеді. Яғни мектеп өмірінен тыс уақытта балаларға тәрбие беру, оларға адами құндылықтарды үйрету – ең басты ұстанымдарымыздың бірі. Қазіргі кезде пандемияға байланысты қашықтан білім бере бастаған алғашқы тоқсанда 10 сынып оқушыларына 1 апталық тегін онлайн курс жасадым. Сөйтіп ол курсқа мыңға жуық оқушы қатысты. Кейін 11 сыныпқа өткізген тегін сабақтарыма 1250 бала тіркелді. Мұғалімдік – мен үшін миссия. Мен ең алғаш осы жолды таңдаған кезде-ақ «Өмірімнің соңына дейін мұғалім боламын» деп өзіме уәде бергенмін. Заманың түлкі болса, тазы болып ал дейді. Қазіргі жағдайдың тез өзгеруіне байланысты онлайн курстар дайындаудамын. Болашақта еліміз экономикалық, білім-ғылым саласы жағынан әлемнің дамыған елдерімен теңесуі үшін қолымнан келгенше еңбек етемін» деді абзал жан.

Ұстаз талантты болса, шәкірттері де талапты болады. Ержан Жұмаділов «Қазақстан мұғалімі 2020» ұлттық сыйлығының жүлдегері атанып, «Әлем мұғалімі 2021» байқауының дайындығына бел шешіп, білек сыбанып кірісіп кеткен. Сындарлы сәтте ел мұғалімдерінің атағын қорғайтын кейіпкерімізге тек қана жеңіс пен абырой тілейміз.

Бетті дайындаған
Көктем ҚАРҚЫН

ЕЛДІКТІҢ ӨШПЕС РУХЫ

Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында «Махамбеттің жас ұрпақтары!» атты V Республикалық әдеби-музыкалық композициялар байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Жауынгер ақын Махамбеттің ұлы мұрасын қайта жаңғырту мақсатында жыл сайын елордада дәстүрлі түрде Махамбет оқулары өткізіліп келеді. Бұл күні астаналық мыңдаған оқушы ақын жырларын жатқа оқиды. Аталмыш байқау 2016 жылдан бері республикалық деңгейінде өткізіледі. Осылайша Махамбеттің жас мұрагерлері мен ізбасарлары еліміздің түкпір-түкпірінде ұлы батырдың шығармашылығын дәріптеуде.

Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының концерт залында өткен мерекелік бағдарлама «Махамбет» фильмімен ашылды. Одан ары

байқау жеңімпаздары шараны театрландырылған алғы сөзбен жалғастырды. Марапаттау рәсімі төрт бөліктен тұрды. Ең әуелі топ жарған I, II, III орын иегерлерін, содан кейін номинация алған қатысушыларды марапаттады.

Еске сала кетсек, «Махамбеттің жас ұрпақтары!» байқауының аймақтық деңгейі онлайн форматта өткен еді. Сайысқа қатысуға Нұр-Сұлтан, Өскемен, Қостанай, Петропавл қалалары мен Алматы облысы, Павлодар облысы, Батыс Қазақстан облысы, Ақмола облысынан 50-ден астам ұжым өтінім берген. Ал марапаттау кеші санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды

сақтай отырып өткізілді.

Сондай-ақ Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы елорданың білім беру ұйымдарымен бірлесіп, елордалық әкелер кеңесінің қолдауымен «Ел тағдыры – ер тағдыры» video-stories форматында өтетін ауқымды қалалық жобаны іске қосты.

Жобаның мақсаты – қаламызда рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттау мен халықтың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамыту. Тәуелсіздіктің түйдей құрдастары 1991 жылы туылған әкелер өздерінің тағдырларын, өмір жолдары мен қалыптасу кезеңдерін аудитори-ямен бөлісетін болады.



МЕКТЕПТЕРДІҢ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Бас қалада білім беру нысандарының өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша онлайн-кеңес өтті.

Кеңеске Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Б.Сматаева, Нұр-Сұлтан қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Е.Отарғалымұлы және қаланың барлық білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

Күн тәртібінде білім беру нысандарының өртке қарсы жай-күйі, тілсіз жауға қарсы режимнің сақталуы, өрт автоматикасы жүйелері мен өртке

қарсы нұсқауларды сақтау және техникалық қызмет көрсету тәртібі, өрт шыққан кездегі іс-қимыл тәртібі және эвакуациялау процесін ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Осылайша, департамент жалпы білім беретін мектептердің, орта кәсіптік оқу орындарының және мектепке дейінгі оқу орындарының оқытушыларын оқытуды қолға алмақ. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің 450 қызметкері арнайы оқудан өтті.



Былыр әлемде кең тараған діндер туралы зерттеу жарияланды. Яғни 2020 жылдың басындағы есеп бойынша әлемдегі ең көп таралған христиан діні екен. Әлемдегі 2,4 млрд адам осы дінде. Алайда соңғы бірнеше жылда дінін ұстанушылар санының артуы жағынан ислам көш басында болады делінген.

Айгүл
УАЙСОВА

Кейінгі дін екеніне қарамастан (христиан дінінен кейін 600 жылдан соң пайда болды), ислам кең қанат жаюда. Бұл көп жағдайда осы діндегілердің демографиялық көрсеткіштеріне қатысты екен. Соңғы 100 жылда христиан отбасында дүниеге келген балалар санына қарағанда мұсылман отбасында дүниеге келетін бала саны біршама көп.

Бүгінде әлемдегі мұсылмандар саны 1,9 млрд адамға жетті. Сонымен қатар атеистер мен агностиктердің де саны аз емес. 1,2 млрд атеистті – Құдайға сенбейтіндерді, құдіретті күштің барын жоққа шығаратындары айтады, ал агностиктер Құдайдың барына дәлел жоғын алға тартып, оның барын білу мүмкіндігін мойындамайды. Басқа да дәстүрлі діндерді шолып қарағанда оның алғы көшінде индуизм – 15 млрд және буддизм дінінде 520 млн адам бары анықталған.

ӘР ЕЛДІҢ ӨЗ НАНЫМЫ БАР

Осы дін саласын зерттеушілердің болжамдарына қарағанда, бүгінде христиан дініндегілер көш бастап тұрса да, 2100 жылдары ислам дініндегілердің аты озбақ. 2070 жылдары жер бетінде христиандар мен мұсылмандар саны теңеседі. Діндердің таралу аймағы да қатты өзгеріске ұшырайды. Осы зерттеулерге қарағанда, Еуропа халқының 10 пайызы 2050 жылы ислам дінін ұстанатын болады. Бұл болжамның АҚШ және Канадаға да қатысы бар. Ресейге келсек, бүгінде тұрғындарының 20 млн-нан астам адам осы дінде. Алайда 2100 жылы мұсылмандар санынан ең көп мемлекет – Индонезияны да басып озған Үндістан болады. Рас болса, АҚШ пен Францияны қоспағанда, жалпы дүние жүзінде атеистер саны да азаятын болады дейді. Еуропада Франция тұрғындарының жартысынан көбі атеистер екен. Республиканың руханиятында католиктер мұрасының ізі алаулап, әулиелерінің есімдерімен қала-көшелері аталып, шіркеулері олардың көркін кіргізсе де, бұл елде атеизмнің әдеті сақталып, бейне бір «ұлттық құндылығы» ретінде қалыптасқан. Мұнда АҚШ-тағы сияқты шіркеуді мемлекеттен бөлу француз революциясының негізгі талаптарының бірі болып, нәтижесінде қазіргі демократиялық мемлекет дүниеге келді. 1789 жылғы француз революциясы католицизмді мемлекеттік дін ретінде құлатты. 1905



жылы Францияда шіркеу мен мемлекетті бөлу туралы заң қабылданды, содан бері зайырлылық қағидалары француз қоғамының басты құндылықтарына айналды. Францияда мектептерде дінді оқытуға заңмен тыйым салынған. Ал Ұлыбританияда, керісінше, мемлекет басшысы, монарх шіркеудің де басшысы болып табылады.

Бүгінде Қытайда басқа елдермен салыстырғанда құдайсыздар саны өте көп. Халқының жартысынан

көбі – атеистер. Оның себебі бар, Қытайдың басқарушы партиясы коммунизм дінді зайырлылық қанаудың бір құралы деп қарайды. 1976 жылға дейін 27 жыл басқарған кезінде Мао Цзэдун кез келген діни қозғалыстарды басып отырды. Конфуций сияқты дүниетанымының көне ілімінде де бір жаратушы құдіреттің барына назар салмайды. Қытайдың жақын көршісі – Жапондықтардың 39 пайызына дейін өздерін атеисттің деп есептейді. Олардың сенімі

елдің өткен тарихынан бастау алатын ырымдар мен мифологияға негізделген. Алайда синтоизмнің рухани бастауы бар және оны атеистік деп атауға болмайды. Жапонияда синтоизм, буддизм сияқты соңғы жылдары ұстанушылар саны азайып келеді.

Діни құрсаудан азат елдердің бірі – Дания. Бұл елде Құран мен Інжілді көптің көзінше отқа жағуға рұқсат берілген. Халқының 80 пайызы – атеистер. Бір қызығы, Дания – әлемде бірінші болып

біржынысты адамдардың некелесуіне рұқсат берген ел. Оны 1989 жылы заң түрінде бекітті.

Швеция – ел басқару ісіндегі зайырлылық пен діннің арасын ашып алған секулярлық елдің бірі. Дегенмен шіркеуде шоқындыру, неке қию сияқты ғұрыптық міндет ретінде әрі мемлекет мүшесінің белгісі тұрғысында қарастырады. Сол себепті де Швеция шіркеулерін «дінсіздер шіркеуі» деп атайды. Иса пайғамдарға халықтың 15 пайызы ғана сенеді, қалған 85 пайызы – атеистер.

Батыс елдерінде «бақытты ел» деген түсінік бар. Оның басында Норвегия тұр. 72 пайызы атеистер, яғни сол бақыттыларды құрайды. Адамдардың әлденеге мұқтаждығы болмауы – Құдайға сенуге құлықты еместігінің бір дәлелі. Атеизм көбіне халықтың өздерінің басыларына сенімі, үкіметтерінің әлеуметке бағытталған саясат жүргізетіндігі және экономикалық пайданы әділ бөлетіндігін білетін елдерде дамиды. Егер сізде өз мемлекетіңізге және өз азаматтарыңызға деген сенім жоғары болса, онда Құдайға деген сенім артта қалады екен.

Атеистер не нәрсеге сенеді? Олар шіркеудің орнына мектеп салуға тұрарлық деп санайды. Өмірдің материалдық жағы ғана қызықтырады, мансаптық өсу, деулетті болу олар үшін маңызды. Діндер адамдар да бақатты болғанды қалайды, бірақ олар үшін бұл бірінші кезекте тұрған жоқ, ол туралы сирек ойланады.

Дін адамды адамгершілік идеясына, руханиятқа, ізгілікке жақындатады.

ЖАТ АҒЫМДАРДЫҢ ЖЕТЕГІНДЕ КЕТПЕЙІК



Соңғы кезде елімізде көптеген дәстүрлі емес діни ұйымдардың үгіт-насихатына жұмыссыздар, өмірден өз орнын таппағандар, рухани ізденісте жүргендер, жеке басы және отбасындағы психологиялық қиындықтарға төзе алмағандар, дәстүрлі дінді терең білмейтіндер, әсіресе, жастар тез ілігуде. Өзіне құлшылық етушілерді қоршаған ортадан оқшаулауға ұмтылған қатаң фанатизмдік сипатқа ие дәстүрлі емес діни ұйымдар қатарындағы адамдарды күштеп ұстап, зорлық-зомбылық, қаржылық айла-шарғымен айналысуда, олардың отбасылық байланыстарын үзу үшін белсенді түрде жұмыс жүргізуде.

Қазақстанда түрлі дәстүрлі емес діни ұйымдар саны өсуде. Көптеген отбасының сырқы бұзылып, түтіні түзу ұшқан талай шаңырақ ортасына түсті. Өкініштісі, діни сауаты әлі кемеліне келмеген азаматтар олардан қалай сақтану керектігін, қандай жолмен тойтарыс беруге болатындығын білмейді. Қой терісін жамылған қасқыр тәрізді, діннің атын жамылған теріс пиғылды ағымдар қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін екен.

дігіне енді ғана ой жіберіп жатырмыз.

Мұндай ағымдардың көздеген мақсаты – халықты айтқанға көнетін ойсыз топқа айналдырып, оларды жанды қуыршақ сияқты басқару, санасына әмір жүргізу. Тұлға ұйымның арасында қалған сәттен бастап бұрынғы табиғи қалпынан өзгеріп, мүлде басқаша ойлай бастайды, сол ұйымға тән іс-әрекеттерді жасайтын болады. Оның сыры неде? Бейімделгіш ұйымның ең түсініксіз жері мынада: жеке тұлға бір топқа айналғаннан кейін ортақ жүйеге, бір мақсатқа бой ұсынады. Осылайша, әрқайсысы дербес ойлау, әрекет ету қабілеттерінен айырылады. Ерік-жігері төмен жандар сыртқы күштердің әсерімен болған өзгерістерге бейімделгіш келеді. Дәстүрлі емес діни ұйымдардағыларды салқын санамен ойлау, ой қорыту қабілеті мүлде тән емес десек, артық айтпаймыз. Осы орайда бейімделгіш жанды ерекше қаһармандықты, не болмаса қатыгездікті талап ететін әрекеттерге оңай айдап салуға болады. Мұндай жағдайда жүректен, тіпті өзін-өзі сақтау инстинктіне де бағынбауы ықтимал.

Себебі ол өзін шексіз күшті сезінеді. Тағы бір айта кетерлігі, бейімделгіш жандар аңғал, сенгіш келеді. Оларды алдап-арбау, қандай да бір теріс мақсаттарға қолдану дәстүрлі емес діни ұйым көсемдері үшін аса қиын шаруа емес. Себебі жүйкесі, ойлау қабілеті зақымданған адамдар шындық пен өтіріктің арасындағы алшақтықты айыра алмайтындықтан, көсемдерінің айтқанына тез бой алдырады. Әрине, белгілі бір тұлғалардың айдап салуымен ашу-ызаға бой алдырған мұндай топқа қарсы келу, оларды жолынан қайтарам деу өте қауіпті екені түсінікті. Осы орайда елімізде өріс алып бара жатқан сананы арбаушы дәстүрлі емес діни ағымдардың, біраз елді әуре-сарсаңға салған «Ата жолы», «Елуіншілердің» әлегі туралы айтпай кете алмаймыз. Еліру, психопатологиялық дерттің салдарынан долдану, өздеріне ғана мәлім жұмбақ «лэззатқа» мәлену, қалшылдап-дірілдеу, жүрекпен сөйлеу – «Ата жолы» мен «Елуіншілердің» әрекетіне тән құбылыстардың бірі.

Осы «жүрекпен сөйлеу», қалшылдап-дірілдеудің сы-

рын «Ата жолы» және «Елуіншілердің» өздері былай деп түсіндіреді: «Бұл – қасиетті рухтың адам тәніне енуі кезінде болатын құбылыс». Осы сәтте олар өз-өздерін және қоршаған адамдарды мүлде естен шығарады. Кейбіреулерінің көздеріне түрлі елестер елестейді. Олар дәстүрден тыс діни ағым мүшелері миына сіңірген бейнелерді көреді. «Ата жолындағылар» «әулие-балалармен, аталар рухымен байланысқа түсеміз» десе, ал «Елуіншілер» Христосты, Мария ананы, жұмақты, тозақты, тағы басқаларын көретіндерін айтады.

Дәстүрлі емес діни ағымдармен күресу оңайлықпен шешімін табатын мәселе емес. Адам осындай жағдайда бұрын тәжірибесінде кездеспеген мәселемен бетпе-бет келеді. Оны шешудің сенімді құралдарынан да бейхабар жандар өмірімен мезгілсіз қоштасып жатады. Еліміздің азаматтары осындай дәстүрлі емес діни ағымдардан бойларын аулақ ұстағаны жөн.

Бауыржан
ҚОЖАГЕЛДИЕВ,
исламтанушы

ДҮЙСЕНБІ 1 НАУРЫЗ

ALFYC AYTU KYNI 6:00 Әнұран 6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм. 6:20 «Másele».

Алғыс айту күні 6:00 Концерт «Шаңырақ» /АНК/ 8:00 Документальны фильм «Бросить вызов судьбе»



6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы 6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы 7:00 Союзмультифильм



6:00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА» телехикаясы 6:45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы 7:15 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы

07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН» 07.25 «МЭССАҒАН.КЗ» 07.50 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау) 08.20 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІП», телехикая



06:00 Ризамын (каз) 06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз) 08:20 «Экстрасенсы детективы»

22:20 КИНО. «Капитан Филлипс» (повтор) 01:20 КИНО. «Готика» (повтор) 02:50 «Кел, татуласайық»(каз) (повтор) 05:00 Әзіл студио (каз)



06.00 Т/п «Қуырдақ» 06.50 Т/п «Айна-online» 07.15 Т/х «Элиф» 09.00 Т/с «Нужен мужчина»

07.00 «Разминка» (каз/рус) 07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.) 07.30 «РЕВЮ» (каз.) 07.55 «Күлкі базар» (каз.)

СЕЙСЕНБІ 2 НАУРЫЗ




6:00 Әнұран 6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм. 6:25 AQPAPAT 7:00 «TANSHOLPAN». Тікелей эфир

6:00 «Жүректегі көктем». Нұрлан Әнербаев 8:00 Документальны фильм «Бросить вызов судьбе»

6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы 6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы 7:00 Союзмультифильм

06:00 Ризамын (каз) 06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз) 08:20 «Экстрасенсы детективы»

СӘРСЕНБІ 3 НАУРЫЗ



6:00 Әнұран 6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм. 6:25 AQPAPAT 7:00 «TANSHOLPAN». Тікелей эфир

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау) 07.30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІП», телехикая 08.20 «ҚАРА ТЕҢІЗ». Түрік телехикаясы.

СӘРСЕНБІ 3 НАУРЫЗ



06:00 Ризамын (каз) 06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз) 07:20 Информбюро (повтор) 08:20 «Экстрасенсы детективы»

06.00 Т/п «Қуырдақ» 06.50 Т/п «Айна-online» 07.15 Т/х «Элиф» 09.00 Т/п «Смеяться разрешается»

07.00 «Разминка» (каз/рус) 07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.) 07.35 «РЕВЮ» (каз.) 08.00 «Күлкі базар» (каз.)

06:00 Ризамын (каз) 06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз) 07:20 Информбюро (повтор) 08:20 «Экстрасенсы детективы» (повтор)


СӘРСЕНБІ 3 НАУРЫЗ



6:00 Әнұран 6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм. 6:25 AQPAPAT 7:00 «TANSHOLPAN». Тікелей эфир

6:00 Әсем әуен 6:45 «Назар» тобының шығармашылық кеші 8:00 Документальны фильм «Время действий. Новый курс»

СӘРСЕНБІ 3 НАУРЫЗ



6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы 6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы 7:00 Союзмультифильм

6:00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА» телехикаясы 6:45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы 7:15 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау) 07.30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІП», телехикая 08.20 «ҚАРА ТЕҢІЗ». Түрік телехикаясы.

06:00 Ризамын (каз) 06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз) 07:20 Информбюро (повтор) 08:20 «Экстрасенсы детективы» (повтор)

09:30 Корейский сериал «Күн сақшылары» (каз) (повтор) 11:00 Индийский сериал «Ананди» (каз) 13:20 Сериал «Воронины»



06.00 Т/п «Қуырдақ» 06.50 Т/п «Айна-online» 07.15 Т/х «Элиф» 09.00 Т/п «Смеяться разрешается»

07.00 «Разминка» (каз/рус) 07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.) 07.35 «РЕВЮ» (каз.) 08.00 «Күлкі базар» (каз.)

БЕЙСЕНБІ 4 НАУРЫЗ



6:00 Әнұран 6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм. 6:25 AQPAPAT 7:00 «TANSHOLPAN». Тікелей эфир

6:00 «Сағындырдың, Сыр қызы!» концерті 8:00 «Время действий. Конкуренция - как национальная идея»

6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы 6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы 7:00 Союзмультифильм



6:00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА» телехикаясы
6:45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:15 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикая
08.20 «ҚАРА ТЕҢІЗ», Түрік телехикаясы.



06.00 Ризамын (каз)
06.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
07.20 Информбюро (повтор)



06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Т/п «Айна-online»
07.15 Т/п «Элиф»
09.00 Т/п «Смеяться разрешается»




07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «РЕВЮ» (каз.)



06.00 Ризамын (каз)
06.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
07.10 Информбюро (повтор)

ЖҰМА
5 НАУРЫЗ



6:00 Әнұран
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм.
6:25 АҚПАРАТ
7:00 «ТАНШОЛПАН». Тікелей эфир

12:00 «Таңшолпан». Телехикая.
13:30 «Дәур даналары»
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.

8:00 «Шырақтың шырақшалары» концерті
8:00 «Время действий. Индустриализация - новые рубежи»
8:30 Телехикая «Сурбойдақ»
9:15 Телехикая. «Teleport»

6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 Соқпақфильм
8:00 М/ф «Маша и медведь»

6:00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА» телехикаясы
6:45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:15 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикая
08.20 «ҚАРА ТЕҢІЗ», Түрік телехикаясы.

06:00 Ризамын (каз)
06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
07:10 Информбюро (повтор)



06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Айна-online»
07.15 Т/п «Элиф»
09.00 Т/п «Смеяться разрешается»

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «РЕВЮ» (каз.)

СЕНБІ
6 НАУРЫЗ




6:00 Әнұран
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм.
6:30 «Ғасырлар үні»

6:00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА» телехикаясы
6:45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:15 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы


6:00 «Олжалы отбасы»
6:30 «Анаға құрмет» концерті
7:45 «Әсем әуен». Мерекелік ән жинағы

6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 «Үздік әзілдер»

ЖЕКСЕНБІ
7 НАУРЫЗ




6:00 Әнұран
6:05 «Анамды іздеймін». Көркем фильм (Қырғызстан, 2017 ж.)



20:00 «ГЛАВНАЯ ТЕМА»
20:30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE»
20:55 «ЖЕНЩИНА В БЕДЕ 2»
0:05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. «ОХОТНИКИ ЗА ПРИВИДИЯМИ»

07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН, ойын-сауық бағдарламасы
08.00 «УЛКЕН ҮЙ», телехикая
08.50 «ҚЫЗ ҚЫЛЫҒЫ»

ЖЕКСЕНБІ
7 НАУРЫЗ



6:00 Әнұран
6:05 «Анамды іздеймін». Көркем фильм (Қырғызстан, 2017 ж.)

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
07.45 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
08.25 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTATV.KZ» (каз.)

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
07.45 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
08.25 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTATV.KZ» (каз.)

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
07.45 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
08.25 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTATV.KZ» (каз.)

ЖЕКСЕНБІ
7 НАУРЫЗ




6:00 Әнұран
6:05 «Анамды іздеймін». Көркем фильм (Қырғызстан, 2017 ж.)

9:30 Бір туынды тарихы. «Ана туралы жыр»
10:00 «Tangy fresh»
11:00 Кино. «В поисках мамы»

6:00 Қаламгер
6:30 «Үздік әзілдер»
8:00 М/ф «Маша и медведь»
10:00 TeleBingo. Прямой эфир

ЖЕКСЕНБІ
7 НАУРЫЗ




6:00 Әнұран
6:05 «Анамды іздеймін». Көркем фильм (Қырғызстан, 2017 ж.)

07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН, ойын-сауық бағдарламасы
08.00 «УЛКЕН ҮЙ», телехикая
08.50 «ҚЫЗ ҚЫЛЫҒЫ»

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
07.45 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
08.25 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTATV.KZ» (каз.)

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
07.45 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
08.25 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTATV.KZ» (каз.)

ЖЕКСЕНБІ
7 НАУРЫЗ



6:00 Әнұран
6:05 «Анамды іздеймін». Көркем фильм (Қырғызстан, 2017 ж.)

«ТАЛДЫКӨЛ» ТАҒДЫРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Елордада қала әкімінің орынбасары Ермек Қизатов Кіші Талдықөл тағдырын талқылау мақсатында қоғам белсенділері және тұрғындармен кездесу өткізіп, түйткілді мәселелерді талқыға салды.

Қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Әлия Қожабекованың айтуынша, Кіші Талдықөнде адам денсаулығына кері әсер ететін химиялық заттар өте көп. Құрғақ қалдық 6,3 есе, темір 6,2 есе, хлоридтер 9,5 есе, сульфаттар 12 есе, аммиак 5 есе артық екен.

Жиын барысында Эколог Руслан Оразалиев құрылыс қалдықтарының көлге тасталуын тежеу мүмкін болмай тұрғанын жеткізді.

«Тұрмыстық қалдықтарды рұқсатсыз тастау фактілері бар. Одан бөлек, құрылыс компаниялары қоқыстарын көлге төгеді, яғни қатты тұрмыстық қалдықтарды топырақпен араластырып, көлді топыраққа толтыруда» дейді сарапшы.

«2013 жылы Талдықөлдi толығымен құрғату үшін емес, мұнда тасқын судың төгілуі үшін құрғату туралы шешім қабылданды. Біз сонда

Тұран көшесінің бойымен су қорғау бөгетін жасадық» деп атап өтті әкім орынбасары Нұрлан Солтамбеков.

«Бұл табиғи ландшафт болады. Бірақ көлдің кеуіп кету қаупі жоғары екенін ескерсек, бір жылдан кейін аман қала ма деген сұрақ туындайды» деп толықтырды Солтамбеков.

Қазір, өкінішке қарай, шағын Талдықөлдiң табиғи кебуі орын алуда. Су қоймасы 25-30 см-ге тереңдеген. Бүгінгі таңда қаланың Табиғи ресурстар басқармасы рекреациялық аймақтар бойынша жоба дайындауда, онда Кіші Талдықөл бойында табиғи саябақ салу көзделіп отыр.

Кездесу соңында Ермек Қизатов аталмыш мәселе бойынша жұмыс тобын құруды ұсынды. Сонымен қатар Талдықөл мәселесіне тоқталып, тұрғындардың денсаулығы мен экологияға әсері ескеруіс қалмайтын жеткізді.

«Барлық ұсыныстар назарға алынады. Біздің мақсатымыз – көлді сақтап қалу, бірақ оны қалай жүзеге асыруды бірге шешу керек» деп түйіндеді Ермек Қизатов.

Наи́ма НУРА́ЛЫҚЫЗЫ

ХАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қазір қоғамдық көліктерде, байқасаңыздар, бір емес, бірнеше бейнекамералар орнатылған. Халық көп жүретін орындарда да камералардың көбейгенін байқаймыз. Нәтижесінде өзгенің әмиян мен ұялы телефонына көз салатын ұрышардың қатары азайған.

«Аулапалар мен халық көп жүретін орындарда бейнебақылау камераларының көмегімен халықтың қауіпсіздігін қадағалаймыз. Заң бұзу жағдайларын болдырмау мақсатында жұмыстар

жүйелі түрде атқарылуда. Арнайы мамандар 24 сағат бойы бейнебақылау камераларынан көз алмайды. Келенсіз жағдайлар орын алса, бірден құзыретті органдарға хабарлаймыз. Біздің қызметкерлер елорданы 16 мыңнан аса камералар көмегімен бақылауда ұстайды. Қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігі – басты назарда» дейді Нұр-Сұлтан қаласы Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасының бөлім басшысы Еркебұлан Сейсепов.

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінің Жоғары медициналық колледжі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды.

Денсаулық сақтау саласындағы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінін:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

- Мынадай:
1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.
Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
2) мемлекеттік және орыс тіліндегі түйіндеме;
3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орынының басшылығынан ұсынған) беруге болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Конкурстың өткізу орны – Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 424-кабинет, 556835.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2021 жылғы 25 ақпанда.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2021 жылғы 26 наурызда.

БАЛАЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТТІ

Елордамыздағы «Ерекше аналар» қоры балаларға көмек көрсетті.

Елімізде ерекше қажеттілігі бар балаларды қоғаммен біріктіру мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балалар дамуда білімді тек арнайы мекемелерде ғана емес, қарапайым балабақша мен жалпы білім беру ұйымдарында ала алады. Арнайы білім беру жалпы

білім беру жүйесінің құрамына кіріп, ерекше білім беру деп аталады. Ерекше балаларды қолдау мақсатында «Ерекше аналар» қоры балаларға арнайы көмек көрсетіп келеді. «Осы қорда жұмыс істеп келе жатқаныма бірнеше жыл болды. Біздің қор 18 жасқа дейінгі ерекше қажеттілігі бар балаларға қызмет көрсетеді. Бұл олардың ата-аналарына да қолдау» деді Гүлнұр Хайдарова.

Ерлан ДАКЕНОВ, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Мемлекеттік академиялық филармониясының директоры

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖЕТКІЛІКТІ

Менің депутаттық сайлауға қатысқандағы басты мақсатым – қаламыздың одан әрі көркеюі мен дамуына өз үлесімді қосу, халықтың мұң-мұқтажын шешу. Мәдениет саласында қаншама жыл қызмет етіп келе жатқандықтан осы саладағы түйткілді мәселелерді жоғарыға жеткізу. Әлеуметтік проблемаларды шешу мақсатында өз-өзімді депутаттыққа ұсындым. Барлығымыз

билетіндей, қазір бұл салада түйткілді жайттар жетерлік. Сондықтан халықпен бір болуды мақсат етемін.

Ерлан ДАКЕНОВ, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Мемлекеттік академиялық филармониясының директоры

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №21 (4145) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: ID, Surname, Name, Date of Birth, Position/Category, and Description. Contains entries 14544 through 14555.

Table with columns: ID, Surname, Name, Date of Birth, Position/Category, and Description. Contains entries 14556 through 14568.

Table with columns: ID, Surname, Name, Date of Birth, Position/Category, and Description. Contains entries 14569 through 14581.

Table with columns for ID, Surname, Name, Patronymic, Date, and Description of candidates.

Table with columns for ID, Surname, Name, Patronymic, Date, and Description of candidates.

Table with columns for ID, Surname, Name, Patronymic, Date, and Description of candidates.

(Жалғасы бар)

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 23.02.2021 №510-616

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы №1064 қаулысымен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.
2. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Әкімнің орынбасары Н. Нұркенов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы «23» ақпандағы № 510-616 қаулысына қосымша

Өзгерістер енгізілетін және күшін жоюға жататын Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 7 ақпандағы № 510-302 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
 - 1-тармағындағы «2020 жылғы 18 мамырдан бастап 2021 жылғы 18 мамырға дейін» деген сандар мен сөздер «2021 жылғы 1 маусымнан бастап 2021 жылғы 1 желтоқсанға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.
 2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 31 мамырдағы № 197-897 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
 - 1-тармағындағы «2013 жылғы 29 тамызда» деген сандар мен сөздер «2021 жылғы 1 маусымнан бастап 2021 жылғы 1 желтоқсанға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.
 3. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 7 қазандағы № 197-1772 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
 - 1-тармағындағы «2016 жылғы 10 қаңтардан 2016 жылғы 10 қаңтарға дейін» деген сандар мен сөздер «2021 жылғы 1 маусымнан бастап 2021 жылғы 1 желтоқсанға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.
 4. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 7 қазандағы № 197-1768 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
 - 1-тармағындағы «2016 жылғы 10 қаңтардан 2016 жылғы 10 қаңтарға дейін» деген сандар мен сөздер «2021 жылғы 1 маусымнан бастап 2021 жылғы 1 желтоқсанға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.
 5. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 7 қазандағы № 197-1769 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
 - 1-тармағындағы «2016 жылғы 10 қаңтардан 2016 жылғы 10 қаңтарға дейін» деген сандар мен сөздер «2021 жылғы 1 маусымнан бастап 2021 жылғы 1 желтоқсанға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.
 6. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 13 ақпандағы № 510-224 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
 - жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға: «Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда: реттік нөмірі 3-жолдағы «Қылышпекова Бота-коз Ақпаровна» деген сөздер «Клышпекова Бота-коз Ақпаровна» деген сөздермен ауыстырылсын.
 7. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 510-2436 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
 - жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға: «Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда: реттік нөмірі 53-жолдағы «Муцкий Николай Иванович» деген сөздер «Муцкий Владимир Иванович» деген сөздермен ауыстырылсын.
 8. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 510-3135 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
 - жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға: «Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда: реттік нөмірі 2-жолдағы «Дубинская Валентина Константиновна» деген сөздер «Давиденко Валентина Иковлевна» деген сөздермен ауыстырылсын; реттік нөмірі 6-жолдағы «Игнатова Тамара Николаевна» деген сөздер «Ақерке 1» ТҮКҚ» деген

- сөздермен ауыстырылсын; реттік нөмірі 47-жолдағы «Клеванов Олег Владимирович» деген сөздер «ЗАКИ» ЖШС» деген сөздермен ауыстырылсын; реттік нөмірі 50-жолдағы «Ивашинина Валентина Ивановна» деген сөздер «ЗАКИ» ЖШС» деген сөздермен ауыстырылсын.
9. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 510-863 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
 - жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға: «Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда: реттік нөмірі 10-жолдағы «Мельниченко Татьяна Николаевна» деген сөздер «Мельченко Татьяна Александровна» деген сөздерге ауыстырылсын. «Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі» деген бағанда: реттік нөмірі 47-жолдағы «21-319-017-274» деген сандар «21-319-018-167» деген сандарға ауыстырылсын. «Жер учаскесінің орналасқан орны» деген бағанда: реттік нөмірі 192-жолдағы «89/1» деген сандар «89» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 167-жолдағы «554» деген сандар «126» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 43-жолдағы «136/1» деген сандар «136» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 193-жолдағы «138/1» деген сандар «138» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 186-жолдағы «144А» деген сандар «144» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 182-жолдағы «153/1» деген сандар «153» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 223-жолдағы «168/1» деген сандар «168» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 252-жолдағы «217» деген сандар «217/1» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 121-жолдағы «254» деген сандар «254/1» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 209-жолдағы «257» деген сандар «257/1» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 119-жолдағы «271» деген сандар «271/1» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 94-жолдағы «273» деген сандар «273/1» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 172-жолдағы «313» деген сандар «313/1» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 150-жолдағы «315» деген сандар «315/1» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 204-жолдағы «320» деген сандар «320/1» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 237-жолдағы «348» деген сандар «348/1» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 81-жолдағы «351» деген сандар «351/1» деген сандарға ауыстырылсын; реттік нөмірі 39-жолдағы «355» деген сандар «355/1» деген сандарға ауыстырылсын.
 10. «Реквизициялау тәртібінде жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 510-3137 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
 - жоғарыда көрсетілген қаулыдағы 1-қосымшаға: «Меншік иесі» деген бағанда: реттік нөмірі 24-жолдағы «Ким Светлана Востоконна» деген сөздер «Щербина Анастасия Анатольевна, Щербин Иван Викторович» деген сөздерге ауыстырылсын.
 11. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 510-965 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
 - 1-тармақтағы «0,2696» деген сандар «0,2247» деген сандармен ауыстырылсын; жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымшаға: реттік нөмірі 5-жол алып тасталынсын.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 23.02.2021 №510-617

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы №1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес іздестіру және «ТМ-1, ТМ-2, ТМ-35, ТМ-36 (жобалық атаулары) көшелері» объектісін жобалау жұмыстарын жүргізу үшін берілген, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, ТМ-1, ТМ-2, ТМ-35, ТМ-36 (жобалық атаулары) көшелері, Е542 (жобалық атауы) көшесінен Ф. Оңғарсынова көшесіне дейінгі учаске мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 7,6866 га жер учаскелері 2021 жылғы 1 маусымнан бастап 2022 жылғы 1 маусымға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.
2. «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік

мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.
4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.
5. «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н. Нұркенов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы «23» ақпандағы № 510-617 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер гаражлерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (га)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (га)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	21-320-135-3709	«Интергрант» ЖШС	46,7226	4,4369	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Е542 (жобалық атауы) көшесі, 10 учаске	Мәдени-тұрмыстық және әлеуметтік, тұрғын мақсаттағы объектілерді салу	31.12.2024ж. мерзімге дейін жалға алу
2	21-320-135-3054	«Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС және «Garden-7-11» ТҮКҚ	0,6221	0,3713	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Е767 көшесі, № 11 учаске	Паркінгі және жапсарластыра салынған орын-жайлары бар көп пәтерлі тұрғын үйді салу және пайдалану	22.05.2023ж. мерзімге дейін жалға алу
3	21-320-135-3706	«Интергрант» ЖШС	0,3139	0,1117	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Е542 (жобалық атауы) көшесі, 10/2 учаске	Мәдени-тұрмыстық және әлеуметтік, тұрғын мақсаттағы объектілерді салу	31.12.2024ж. мерзімге дейін жалға алу
4	21-320-138-725	«BKTESLA» ЖШС	0,9330	0,0001	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Е117 көшесі, 56 учаске	Қоғамдық және тұрғын үй құрылысы объектілерін салу және пайдалану	02.07.2024ж. мерзімге дейін жалға алу

Нұр-Сұлтан қаласының Есіл аудандық сотымен Әсел Тулахабаева Молдабекованың Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Еңбекшілер к-сі, 30, 50-пәтер, тел.: 8-775-277-11-55, ШҚО, Зайсан ауд., Сартерек ауылы, Абай к-сі, №1 үй мекенжайы бойынша тіркелгендер Тілекенов Слямбек, Тілекенова Слямбекқызының хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды. Тілекенов Слямбек, Тілекенова Слямбекқызының болған жері туралы мәліметтері бар тұлғаларға хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде Астана қаласының Есіл аудандық сотына хабарлауыңызды сұраймыз.

Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жыл 19 ақпандағы ұйғарымымен БСН 150840003697, «ЭкоСтройГаз» ЖШС-ке қатысты банкрот деп тану туралы іс өндірісі қозғалды. Барлық сұрақтар бойынша уақытша басқарушы Е.Касымсейтовқа 8-771-072-05-15 тел. арқылы жүгінуге болады.

Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жыл 27 қаңтарда шығарылған ұйғарымымен БСН 130940001254, «Jи company» (Джу Компани) ЖШС-ке қатысты банкрот деп тану туралы іс өндірісі қозғалды. Барлық сұрақтар бойынша уақытша басқарушы Э.Е. Даутоваға 8-777-155-97-11 тел. арқылы жүгінуге болады.



КҮЙ КҮМБІРЛЕГЕН КЕШ

Нұр-Сұлтан қаласының Мемлекеттік академиялық филармониясы біршама үзілістен кейін «Астана» концерт залына көрермендерді жинап, концерт өткізді. Қазақтың әйгілі күйшісі Дина Нұрпейісованың туғанына 160 жыл толуына арналған бұл кеш «Күй анасы – Дина» аталды. Филармонияның Қазақ оркестрі мен осы ұжымның домбырашылары күйлерді бірде төгілдіріп, бірде күмбірлетті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Күй атасы – Құрманғазыдан бата алып, шәкірті атанған Дина Нұрпейісова жастайынан Дәулеткерей, Мүсірәлі, Әлікей, Түркеш, Ұзақ, Есжан, Байжұма, Баламайсаң сынды атақты күйшілердің күйін нақышына келтіре орындап, айналасына «домбырашы қыз» атанды. Кейіннен өз жаньнан күй шығара бастап, төл туындылары елге кеңінен таралды. Ал күйшінің танылуына академик Ахмет Жұбанов үлкен үлес қосты. 1937 жылы Алматыға алғаш келіп, өнер көрсеткен

Дина Нұрпейісова атақты музыкатанушыны таңғалдырды. Бір атап өтерлігі, күй анасының шығармашылығы өзі өмір сүрген дәуірден тыс қалмады. Ол күйлеріне сол заманның қайғысы мен қуанышын сыйдырды. Бұл қатарда «Тойбастар», «1916 жыл», «Ана бұйрығы», «Жеңіс» секілді күйлерді атап өтуге болады.

Күй анасының рухына арналған кейінгі күйші-композиторлардың туындылары да бар. Соның ішінде елордалық филармонияның Қазақ оркестрінің бас дирижері-көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,

профессор Айтқали Жайымовтың «Күй анасы» туындысын ерекше атап өтуге болады.

Ал аталмыш концертте оркестрге Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов пен халықаралық байқаулардың лауреаты Арман Жайым дирижерлік етті. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Жексембек Нұржауов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Анар Мұздаханова, Әмина Бошымова, Айым Бекбаева, Сәкен Бекжанов, Нұргүл Қамарова домбырамен жеке өнер көрсетті.

Осы кеште сүйінші жаңалықты естідік. Сах-

наға көтерілген Дина Нұрпейісованың шөбересі Төлеген Қуанышев биылғы жазда елордадағы Күйші Дина көшесі мен Абылай хан даңғылы қиылысында күй анасының ескерткіші бой көтеретінін айтты.

Ал филармонияның онлайн-концерттері жалғасады. Ертең «Халық әні» бөлімі әнші, композитор Манарбек Ержановтың 120 жылдығына арнап «Сайра, бұлбұл» концертін, 25 ақпан күні «Қорқыт» этноансамблі жыр алыбы – Жамбылдың 175 жылдығына орай «Жыры әлемді шарлаған» кешін ұсынады.

«АУЫЛДАН ШЫҚҚАН МИЛЛИОНЕР» АУЫЛҒА ЖЕТЕДІ

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында жазушы Сәуле Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер» атты кітабының тұсаукесері өтті. Кітаптың жарыққа шығуына «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы қолдау көрсеткен.

Іс-шараға «Ауыл» партиясы басшысы Әли Бектаев, белгілі публицист, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, Жазушылар одағы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының басшысы, ақын Дәулеткерей Кәпұлы қатысты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында қазақ қаламгерлерінің балаларға арналған үздік шығармаларын көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алу керек екенін атап өткен болатын. «Ауыл» партиясы осы игі бастамаға алғашқылардың бірі болып үн қосып, Сәуле Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер» кітабын басып шығарып, туындының тұсаукесерін ұйымдастырды» деді өз сөзінде Әли Бектаев.

Кітап авторы Сәуле Досжан: «Бұл менің он шақты жыл

көкейімде жүрген тақырып болды. «Алтын қалам» байқауына қатысқанда, бұл шығарма 41 мың дауыс жинады. Әли мырза сайттан байқап қалып, өзі хабарласып, кітап етіп шығаруды ұсынды. Ол үшін зор алғыс айтамын. Хикаядағы Жомарт – өзіме ең жақын кейіпкер. Өйткені менің арманым – қазақтың балаларының Жомарт сияқты болуы. Ауылдағы балалардың әрқайсысы өз деңгейінде қиындық көріп жүр, әлеуметтік жағдай қиын. Бірақ сол балалардың үміті болуы керек, кеуделеріне сәуле жағатын адам болуы керек» деп өз ойын білдірді.

«Ауыл» партиясы кітаптың 100 данасын ҚР Ұлттық академиялық кітапханасына тарту етті. «Ауылдан шыққан миллионер» кітабы да аймақтардағы кітапханаларға жеткізілетін болады.



БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ

Елордадағы Ұлттық музейде танымал қылқалам шебері, профессор Төлеубек Мұқашевтың «Балалық шаққа саяхат» атты жеке көрмесі өтті.

Азамат ЕСЕНЖОЛ

Көрмеге суретшінің елуге жуық кескіндемелік, графикалық туындылары қойылып, келушілердің қызығушылығын туғызды.

Белгілі қылқалам шебері бейнелеу өнерінде дәстүрлі кескіндеме мектебінің өкілі саналады. Ол

кісінің негізгі тақырыбы – табиғат ғажайыптары мен туған жерінің сәлу көрінісі. Суретші әр картинасында «Жер жәннаты – Жетісудың» көркем бейнесін әсерлі жеткізе білген. Әсіресе оның жұмыстарында табиғат пен түстер үйлесім тауып, үндесіп тұрады. Басы-артық бояу жоқ.

Мазмұнды шараның ашылуында Ұлттық музей директоры Арыстанбек Мұхамедияұлы Төлеубек Төлеуұлының өмірге, өнерге құштар жан екендігіне тоқталды.

Одан кейін сөз алған мемлекет және қоғам қайраткері Бірғаным Әйтимова: «Төлеубек Төлеуұлы – мемлекеттік қызмет

пен өнерді қатар алып жүрген азамат. Бүгінгі көрме суретшінің туған жеріне деген алғысы, махаббаты» десе, белгілі ғалымдар Бақытжан Жұмағұлов пен Жақсыбек Құлекеев қылқалам шеберінің туындылары келешек ұрпақ үшін де таусылмас рухани азық болатындығын жеткізді.